

«Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті»  
PhD докторантты Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаның  
6D020500—«Филология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындаған «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық  
экспликациясы» атты диссертациялық жұмысына

## П И К И Р

Ұлттың рухани болмысын, жаң дүниесін, сана-сезімін, мінез-құлқын, әдет-ғұрыптын, салт-дәстүрін танытатын құрал – тіл. Қазіргі танда адам болмысының тіл арқылы ашылуы тіл біліміндегі жаңа бағыттардың дамуына негіз болды. Э.Н. Ажарбекованың 6D020500— «Филология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған зерттеу жұмысы да осы бағытты көздеген. Диссертацияда адами қасиеттерді сипаттайтын тілдік бірліктер семантикалық өріс аясында қаралып, қазіргі ғылымның талаптарына сәйкес пәнаралық сипатта орындалған.

Зерттеу жұмысының мақсатына лексика-семантикалық өріс бойынша адами қасиеттерді беретін сын есімдердің семалық белгілерін анықтау жатады. Осы мақсатқа сәйкес докторант алдына қойған міндеттерін ойдағыдай шеше білген, атап айтқанда өріс теориясына қатысты шетелдлік және отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдарды саралап, адами қасиетті сипаттайтын лексемалардың лексика-семантикалық тобын құрған, адами қасиет өрісіндегі лексемалардың парадигмалық, синтагмалық қатынасын анықтаған, адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобының ядросы (өзегі) мен перифериясын (шеткери аймағын) анықтап, адами қасиеттерді білдіретін сын есімдердің семалық құрылымын сипаттаған.

Зерттеуде сипаттама, семантикалық талдау, компоненттік талдау, лингвистикалық сараптама әдіс-тәсілдері қолданылған.

Зерттеу жұмысында «мінез», «темперамент», «қасиет» ұғымдарын психология, философия ғылымдарымен байланыстыра отырып, адами қасиеттерді сипаттауда қолданылатын фразеологизмдердің, тұрақты теңеулердің, паремиялардың, зат есім, сын есім, етістік сөз таптарының бағалауыш мәнін, қызметін анықтаған. Адамның мінез-құлқын, қасиеттерін сипаттайтын тілдік бірліктердің ағылшын, орыс, түркі тілдеріндегі қолданысын қарастырған ғылыми еңбектерге сүйене отырып, тілдік деректер арқылы қазақ тіліндегі лексемаларға талдау жасаған.

Адами қасиеттерді сипаттауда қолданылатын лексемалардың ішінде ең жиі қолданылатыны сын есімдер екені белгілі. Диссидентант тілдік сөздіктерден адам бойындағы қасиетті білдіретін сын есімдерді жинастырып, оларды «қасиет» архисемасы негізінде бір өріске топтастырған. Өріс теориясы жөніндегі шетелдік, отандық ғылыми тұжырымдарды қарастыра

келе, өрістің басты белгілері, семантикалық өріс құраушы бірліктердің парадигмалық және синтагмалық қатынасы, өріс құраушы лексемалардың синтагмалық қатынасындағы синтагмемалар, өрістің ядросы мен перифериясы, сөз мағыналарының ең кіші бөлшегі болып саналатын сема және оның түрлері турасында өзіндік тұжырымдар жасаған. Ғылыми тұжырымдары мен ұсынылған шешімдер нақты, дәйекті түрде берілген.

«Қасиет» архисемасы бар сын есімдерге семалық талдау жасай отырып, оларды бірнеше дифференциалды семаларға жіктеген. Атап айттар болсақ, аталған архисема негізінде өріс түзуші сын есімдердің мағыналық құрамында жағымды ( $J_1$ ), жағымсыз ( $J_2$ ), жас мөлшер ( $Js$ ), гендер ( $G$ ), интеллект ( $In$ ) семаларын анықтаған. Мағыналық құрамында жас мөлшер ( $Js$ ) семасы бар сын есімдердің «нәресте» ( $Js_1$ ), «жеткіншек» ( $Js_2$ ), «жасөспірім» ( $Js_3$ ), «жас» ( $Js_4$ ), «егде» ( $Js_5$ ), «қарт» ( $Js_6$ ) дифференциалды семаларын, гендер ( $G$ ) семасы бар лексемалардың іштей «ер» ( $G_1$ ), «әйел» ( $G_2$ ) және «гендерлік ортақ» ( $G_3$ ) дифференциалды семаларын, интеллект ( $In$ ) семасы бар сын есімдердің жоғары интеллект ( $In_+$ ) және төмен интеллект ( $In_-$ ) дифференциалды семаларын ажыратқан. Аталған архисема негізінде өріс түзуші сын есімдердің мағыналық құрамындағы семаларын символикалық таңбалармен беруі ұтымды. Лексемалардың семалық белгілері көркем шығармадан алынған мысалдар негізінде дәлелденген.

Адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің мағыналық құрамына жасаған семалық талдау нәтижелерін нақтылау мақсатында студенттер мен әр түрлі жас шамасындағы түрлі маман иелері қатысқан сауалнама қорытындыларымен түйіндеген. Сауалнама нәтижелеріне сараптама жасап, қорытындыларды кесте, диаграмма түрінде жинақтап ұсынған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаның 6D020500 – Филология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға, ал оның авторы 6D020500 – филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

### Рецензент

Қазақ технология және бизнес

университетінің қауым.проф., филол.ф.к.

С.М.Сапина

